




14+

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ



X15W 2.4G

Қашықтан басқарылатын және биіктікті ұстап тұру функциясы бар 4 арналы квадрокоптер



BC

Пайдалану нұсқаулығы

- 4 осьтік конструкциясы дронға түрлі маневрлер жасауға және жылдам болуға мүмкіндік береді, желге қарсы жоғары төзімділікке ие. Үй-жай ішінде пайдалануға болады.
- Бірге орнатылған 6 осьтік гироскоптық тұрақтандырғыш ұшқанда дәл жайғасуды қамтамасыз етеді.
- Модульдік конструкциясының арқасында құрылғыны оңай жинауға және жөндеуге болады.
- Еркін бағдарлау (бас бағдарсыз режимі) режимі басқаруды жеңілдетеді.
- Биіктікті автоматты ұстап тұру функциясы.
- 360°-қа аударылу.
- Автоматты ұшу және қону.
- Нақты уақыт режимінде сигнал беретін HD аэротүсірілім.

Мазмұны

Сақтық шаралары	3
Батареялармен жұмыс кезіндегі сақтық шаралары	3
Жөндеу және қызмет көрсету	3
Аккумуляторды зарядтау	4
Аккумуляторды зарядтау кезіндегі сақтық шаралары	4
Басқару пультіне батареяны орнату.....	4
Басқару пульті мен дисплей түймелерінің сипаттамасы.....	5
Құрылғы сұлбасы	5
Басқару пультінің схемасы	6
Аксесуарлар мен бөлшектер тізімі	7
Жиынтықтамасы.....	7
Сипаттары	8
Қалақшаларды орнату	8
Камераны орнату және шешу	8
Смартфон ұстағышты орнату және алу.....	8
Ұшуға даярлау	9
Құрылғыны басқару схемасы	10
Негізгі функциялары.....	11
Мобильдік қолданба арқылы басқару	13
Қолданба интерфейсі	14
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі.....	16
Құрылғының қолданылу мақсаты.....	17
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	17
Кепілдік міндеттемелері	17
Қосымша ақпарат	18

Сақтық шаралары

- Құрылғыны басқару құқығынан және тегін кепілді қызмет көрсету мүмкіндігінен айырылып қалмау үшін оны өз бетіңізше модификациялауға тырыспаңыз.
- Құрылғыны ұсақ бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
- Данный квадрокоптер очень мощный, поэтому во время первых полетов следует нажимать левый джойстик медленно во избежание слишком быстрого снижения устройства и внезапных столкновений, которые могут привести к повреждениям или травмам.
- Ұшып болғанда, алдымен басқару пультінің, содан кейін квадрокоптердің қуатын өшіріңіз.
- Аккумуляторды температурасы жоғары жерлерде сақтамаңыз және оны күшті жылу мен ашық от әсеріне ұшыратпаңыз.
- Жарақаттаудың алдын алу үшін, ұшу барысында құрылғының пилоттан, басқа адамдардан кемінде 3 метр қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз.
- Балалар квадрокоптерді ересектердің қадағалауымен басқаруы тиіс. Ұшу пилоттың немесе нұсқау берушінің көру аясында орындалуы тиіс. Ұшу барысында қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.
- Құрылғыны әуежайдың ұшу-қону жолынан 5000 м радиуста пайдалануға тыйым салынады. Құрылғыны пайдалану жергілікті заңнамаға сәйкес іске асырылуы тиіс.
- Құрылғы пайдаланылмаса, басқару пультінен батареяларын алып тастаңыз.
- Контакттерінің қысқа тұйықталуының алдын алыңыз.
- Құрылғы ересектердің қадағалауымен құрастырылуы тиіс.
- Пилот ұшу қауіпсіздігіне және құрылғы мен жердегі адамдардың, мүліктің және әуе көлігінің басқа пайдаланушыларының арасындағы қашықтықты сақтауға жауапты. Құрылғыны адамдар көп жиналатын (12 адамнан артық) жерлерде ұшырмаңыз.
- Құрылғы 10 күннен артық пайдаланылмайтын болса, аккумуляторды 40-50 %-ға зарядын азайтыңыз, бұл аккумулятордың қызмет мерзімін ұзартады.

Батареялармен жұмыс кезіндегі сақтық шаралары


- Орнату барысында батареялардың полярлылығы батарея бөлігіндегі схемаға сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Батареяларды қарама-қарсы полярлылықпен орнатпаңыз.
- Жаңа және ескі батареяларды бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Әртүрлі батареяларды пайдаланбаңыз.
- Қайта зарядталатын батареяларды пайдаланбаңыз.

Жөндеу және қызмет көрсету

- Құрылғыны құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Құрылғыны жылу әсеріне ұшыратпаңыз.
- Электрониканың бұзылып қалмауы үшін құрылғыны суға батырмаңыз.
- Құрылғыда зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз, зақым табылған жағдайда құрылғыны пайдаланбау керек.

Аккумуляторды зарядтау

1. Құрылғының өшірлігеніне көз жеткізіп, дрондағы батарея бөлігін ашыңыз.
2. Аккумулятор ағытпасын құрылғының түйіспелі ағытпасынан ажыратыңыз.
3. Аккумуляторды компьютердің шығыс USB-портына немесе қуат көзіне кабель көмегімен жалғаңыз. Зарядтау құрылғысының индикаторы жанады.
4. Зарядтау процесі аяқталғанда жарық индикаторы сөнөді.
5. Аккумуляторды құрылғыға қайта салыңыз.




Ескертпе: зарядтау уақыты шамамен 100 минут, ұшу уақыты — шамамен 7,5 минут.

Аккумуляторды зарядтау кезіндегі сақтық шаралары

- Аккумуляторды тікелей күн сәулелері мен жоғары температуралар әсеріне ұшыратпаңыз. Әйтпесе, ол зақымдалуы мүмкін.
- Аккумуляторды суға батырмаңыз.
- Аккумуляторды салқын әрі құрғақ жерде сақтаңыз.
- Аккумуляторды ашпаңыз.
- Зарядталып жатқан құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Зарядтауды бастамас бұрын, қайта зарядталатын аккумуляторды құрылғыдан шығарып алыңыз.
- Қайта зарядталатын аккумулятор ересектердің қадағалауымен зарядталуы тиіс.
- Істеп біткен аккумуляторларды құрылғыдан шығарып алу керек.
- Назар аударыңыз: бұрыс аккумулятор түрін пайдаланғанда жарылыс қаупі туындайды. Пайдаланылған аккумуляторларды жергілікті заңнама нормаларына сәйкес кәдеге жаратыңыз.


Басқару пультіне батареяны орнату



Басқару пультіндегі батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз.

1. AA түріндегі 4 батареяны полярлылықты сақтай отырып орнатыңыз (AA түріндегі сілтілік батареялар жиынтыққа кірмейді).


Құрылғы сұлбасы



Нөмірі	Сипаттамасы	Саны
1	Қалақша бітеуіші	4
2	Қалақша (сағат тілі бағытымен айналу)	2
3	Қалақша (сағат тілі бағытына қарсы айналу)	2
4	Қосу/өшіру түймесі	1
5	Құрылғы корпусының үстіңгі бөлігі	1
6	Аккумулятор	1
7	Ресивер тақшасы	1
8	Тұра жүріс моторы	2
9	Кері жүріс моторы	2

Нөмірі	Сипаттамасы	Саны
10	Камера	1
11	Мотордың негіз конструкциясы	4
12	Алдыңғы жарықдиод индикаторлардың шағылдырғышы	2
13	Артқы жарықдиод индикаторлардың шағылдырғышы	2
14	Жарықдиод индикатор	4
15	Құрылғы корпусының төменгі бөлігі	1
16	Қалақшалардың қорғаныс рамасы	4

Схема пульта управления



Аксессуарлар мен бөлшектер тізімі



Корпус



Мотордың негіз конструкциясы



Камера



Қалақшалардың қорғаныс рамасы



Қалақшалар




Тура жүріс моторы



Кері жүріс моторы



Жарықдиод индикатор



Ресивер тақшасы



Қалақша бітеуіші



Аккумулятор



Жарықдиод индикаторлардың шағылдырғышы



Зарядтау кабелі



Смартфон ұстағыш




Қашықтан басқару пульті

Жиынтықтамасы

- Квадрокоптер.
- Басқару пульті.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Қалақшалар (4 дана).
- Зарядтау кабелі.
- Смартфон ұстағыш.


Сипаттары



- Моделі: X15W.
- Ұзындығы: 220 мм.
- Биіктігі: 50 мм.
- Ені: 220 мм.
- Мотор моделі: 7.
- Аккумулятор : 3.7 В, 450 мАсағ.


Қалақшаларды орнату

Қалақшаларды белгілеуге сәйкес орнатыңыз. Қалақшаларды орнату, ауыстыру алдында тиісті бітеуіштерді шешіп алыңыз.



Смартфон ұстағышты орнату және алу

1. Ұстағышты басқару пультіндегі тиісті ағытпаға салыңыз (1-сур.).
2. Смартфон күйін баптау үшін ұстағышты суретте көрсетілгендей қысыңыз (2-сур.).
3. Қысқышты алу үшін оны пульттің артқы жағынан басыңыз (3-сур.).



1-сур.

2-сур.

3-сур.

Подготовка к полету

Дронды қосу және өшіру


1. Ұшуға даярлау.

1-қадам: басқару пультіндегі қосу түймесін басыңыз.

2-қадам: акумуляторды құрылғыға салыңыз, копусындағы қуат көзі түймесін 1-2 секунд басып тұрыңыз. Дронның қосулы екеніне көз жеткізіңіз.

3-қадам: сол жақ джойстикті (екпін алу) өзіңізге қарай және өзіңізден ары тірелгенше бұраңыз.

Дронның жарық индикаторлары жыпылықтауын қойып, үзіліссіз жанған соң, дрон ұшуды күту режиміне өтеді.




2. Дронды қосу.

1-тәсіл: сол жақ джойстикті (екпін алу) жоғары бұрыңыз, содан кейін ортаға қарай қайта келтіріңіз, дрон қалақшалары баяу айнала бастайды.

2-тәсіл: сол және оң жақ джойстиктерді төменгі ішкі бұрышқа 1 секундқа бұраңыз, дрон қалақшалары баяу айнала бастайды.

3-тәсіл: «B» түймесін басыңыз, квадрокоптер автоматты ұшады және белгілі бір биіктікте тұрады.




3. Дронды өшіру.

1-тәсіл: сол жақ джойстикті (екпін алу) ең төменгі күйге бұрап, 2-3 секунд ұстай тұрыңыз, осыдан кейін құрылғыны өшіруге болады.

2-тәсіл: сол және оң жақ джойстиктерді төменгі ішкі бұрышқа 1 секундқа бұраңыз, осыдан кейін дронды өшіруге болады.

3-тәсіл: дрон ұшып жүргінде, «B» түймесін басыңыз, құрылғы автоматты қонады.

Ескертпе: құрылғы ұшу алыстығының радиусынан шықса, индикатор баяу жыпылықтай бастайды, ал құрылғы жүрісін автоматты баяулатады. ҚБ пульті өшірулі болса немесе зарядты болмаса, құрылғы тоқтау үшін автоматты баяулайды. ҚБ пультін кез келген уақытта қоса аласыз.



1-тәсіл

2-тәсіл

3-тәсіл

Құрылғыны басқару схемасы


Басқару

1. Көтерілу және төмендеу (1-сур.).


Сол жақ джойстикті жоғары не төмен басқанда, квадрокоптер тиісінше көтеріледі немесе төмендейді.

2. Алдыға және артқа (2-сур.).

Оң жақ джойстикті жоғары не төмен басқанда, квадрокоптер тиісінше артқа немесе алдыға жүреді.



1-сур.




2-сур.

3. Солға және оңға бұрылу (3-сур.).


Сол жақ джойстикті солға не оңға басқанда, квадрокоптер тиісінше солға не оңға бұрылады.

4. Сол не оң бүйірмен ұшу (4-сур.).

Оң жақ джойстикті солға не оңға бұрғанда, квадрокоптер тиісінше сол не оң бүйірімен ұшады.



3-сур.



4-сур.

Теңдестіру

1. Алдыға немесе артқа қозғалуды баптау (1-сур.).


Квадрокоптер қалқып тұру режимінде алға/артқа автоматты ұшуды жалғастырса, сол жақ джойстикті қысыңыз және сол уақытта оң жақ джойстикті айналдыру арқылы алға/артқа бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңдестіру режиміне енгенше, сол жақ джойстикті жібермеңіз.

2. Оң/сол бүйірмен ұшу барысында қозғалысты баптау (2-сур.).


Квадрокоптер қалқып тұру режимінде оңға/солға автоматты ұшуды жалғастырса, сол жақ джойстикті қысып тұрып, бір уақытта оң жақ джойстикті айналдыру арқылы оңға/солға бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңдестіру режиміне енгенше, сол жақ джойстикті жібермеңіз.

3. Оңға/солға бұрылғандағы қозғалысты баптау (3-сур.).


Квадрокоптер қалқып тұру режимінде оңға/солға автоматты айналуы жалғастырса, сол жақ джойстикті қысып тұрып, бір уақытта сол жақ джойстикті жеңіл айналдыру арқылы оңға/солға бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңдестіру режиміне енгенше, сол жақ джойстикті жібермеңіз.



1-сур.



2-сур.



3-сур.

Негізгі функциялары

Төмендетілген кернеуден қорғаныс


Дронның төменгі жағындағы жарық индикаторлары жыпылықтай бастаса, бұл батареялардың заряд деңгейі төмен және ұшуды аяқтау керектігін білдіреді. Батареялар зарядты төмен болғанда дрон автоматты түрде баяулайды.

Асқын токтардан қорғаныс

Дрон тікелей кедергілермен немесе бөгде заттармен соқтығысса, сондай-ақ қалақшалары айналуын тоқтатса, құрылғы асқын токтардан қорғаныс режиміне өтеді.

Калибрлеу функциясы

Дронды тегіс және тұрақты бетке қойып, оң және сол жақ джойстикті бір уақытта төменгі оң бұрышқа 2-3 секундқа бұрыңыз, дронның жарықдиод индикаторлары жылдам жыпылықтай бастайды да, 2-3 секундтан кейін әдеттегі қалпына оралады. Калибрлеу процедурасы сәтті аяқталды.




Жылдамдық режимдерін ауыстыру

Бұл құрылғы екі жылдамдық режимімен (жылдам/баяу) жасақталған. Баяу жылдамдық режимі әдепкі бойынша қосылады. Жылдамдық режимін ауыстыру үшін оң жақ джойстикті басыңыз. Жоғары жылдамдық режиміне ауысқанда басқару пульті екі дыбыстық сигнал шығарады, баяу жылдамдыққа қайтқанда бір дыбыстық сигнал шығады.

360°-қа аударылу

Негізгі басқару қағидаларымен танысқан соң, пилотаждың күрделі элементтерін меңгере аласыз. Дронды 3 метр биіктікке көтеріңіз, дронның тиісінше алдыға/артқа/солға/оңға аударылуы үшін басқару пультінің үстіңгі сол жағындағы аударылу түймесін басыңыз және сол уақытта оң жақ джойстикті алдыға/артқа/солға/оңға басыңыз.



Ескертпе: күрделі пилотаж фигураларын толық зарядталған батареялармен орындаған дұрыс.

Биіктікті автоматты ұстап тұру функциясы

Дронның ұшу барысында көтерілуін/төмендеуін басқару үшін сол жақ джойстикті пайдаланыңыз, содан кейін сол жақ джойстикті түсіріңіз. Дрон джойстик жіберілген кездегі биіктікті ұстап тұрады.

Еркін бағдарлау (бас бағдарсыз режимі) режимі


1. «Алдыңғы» бағытты анықтау.
 - Басқару пультіндегі қуат көзі түймесін басыңыз.
 - Дронның қуат көзі түймесін басып тұрыңыз, дронның қосылғанына көз жеткізіңіз. Дрон басының бағытын еркін бағдарлау режимінде жаңа «алдыға» бағыты ретінде анықтаңыз.
 - Басқару пультіндегі сол жақ джойстикті ең шеткі күйге итеріңіз және өзіңізге қарай тартыңыз. Басқару пультінде ұзақ дыбыстық сигнал шыққанда, жиілікті баптау мен алдыға бағытты анықтау аяқталғанын білдіреді.
2. Алдыға бағытын анықтау үшін калибрлеу.
 - Еркін бағдарлау режимінде дрон бөгде затпен соқтығысып қалғанда, алдыға бағыттау баптауы шатасып кетуі мүмкін, сол кезде сол және оң жақ джойстикті бір уақытта сол жақ төменгі бұрышқа басу керек. Дронның ұшу бағыты түзетіледі. Жарықдиод индикатор 3 секунд бойы жыпылықтап, содан кейін тұрақты жанады, бұл калибрлеудің аяқталғанын білдіреді.
3. Әдеттегі басқару режимі мен еркін бағдарлау режимі арасында ауысу.
 - Дрон белгілі бір жиілікке бапталғанда, ол әдеттегі басқару режимінде болады. Бұл ретте жарық индикаторы үздіксіз жанады. Басқару пультінің оң жақ джойстигін 2 секунд басып тұрыңыз, еркін бағдарлау режиміне ауысқанды білдіретін үш дыбыстық сигнал шығады.
 - Стандартты режиміге оралу үшін, оң жақ джойстикті 2 секунд басып тұрыңыз, ұзақ дыбыстық сигнал шығады (еркін бағдарлау режимінде дронның төрт жарық индикаторы әр төрт секунд сайын жыпылықтайды).
 - Еркін бағдарлау режимінде пилотқа дрон басының күйін анықтаудың керегі жоқ, дрон бағытын пультіндегі оң жақ джойстикпен басқаруға болады.

Мобильдік қолданба арқылы басқару

1. Google Play немесе App Store дүкенінен «SYMA GO» қолданбасын тауып, орнатыңыз. Қолданбаны сондай-ақ біздің сайттан жүктей аласыз: www.symatoys.com
2. Квадрокоптерді қуат көзіне қосыңыз. Алдыңғы жарық индикаторлары баяу жыпылықтайтын болады, шамамен 10 секунд ішінде квадрокоптер мобильдік құрылғымен байланыстырылуға дайын болады.
3. Мобильдік құрылғыңыздың баптауларына кіріп, қосылыңыз да, құрылғылар арасындағы қосылымды орнатыңыз.
4. Мобильдік құрылғыңыздағы «SYMA GO» қолданбасын іске қосып, пайдалануды бастау үшін «START» түймесін басыңыз.

Назар аударыңыз: құрылғының тұрақты істеуі үшін мобильдік интернетті өшіру керек.


Қолданба интерфейсі



1. Құрылғыны қосу/өшіру.
2. Түсіру.
3. Сигнал деңгейі.
4. Жазу.
5. Ұшу уақыты.
6. Оң жақ джойстик.
7. А теңдестіру (алдыға/артқа қозғалу).
8. Сол жақ джойстик.
9. Ұшу/қону.
10. В теңдестіру (оңға/солға бұрылу).
11. С теңдестіру (сол жақ/оң жақ бүйірмен ұшу).
12. Құралдар тақтасын көрсету/жасыру.
13. Басқару тақтасын көрсету/жасыру.
14. Бас бағдарсыз режимі үшін калибрлеу/«алдыға» бағытын анықтау.
15. Жылдамдық режимдерін ауыстыру.
16. Смартфонның ішкі сақтау орнын немесе жад картасын қарау.
17. Мобильдік құрылғы гироскопының көмегімен ұшуды басқару.
18. Бас бағдарсыз режимі.
19. Ұшу бағдарын белгілеу.
20. Артқа.

Ұшу бағдарын қалыптастыру

Квадрокоптердің ұшу бағдарын белгілеуге болады, ол үшін құралдар тақтасындағы тиісті белгішені (19) басыңыз. Смартфоныңыздың экранында бағдарды белгілеңіз.



Сондай-ақ сол жақ төменгі бұрыштағы шкала көмегімен ұшу қашықтығын өзгертуге болады.

Нақты уақыт режиміндегі аэротүсірілім

Камераның қалыпты жұмыс режимінде фотоға түсіру (2) және бейне жазу (4) үшін қолдабаны басқару тақтасындағы тиісті белгішелерді басыңыз.

Ескертпе: нақты уақытта деректерді жіберу режимінде құрылғылар арасындағы сигнал қабылдау қашықтығы екі есе қысқартылуы мүмкін. Нақты уақытта деректерді жіберу функциясы құрылғыны пайдаланған кезде ашық алаңдарда оңтайлы істейді.

Деректерді сақтау

Мобильдік құрылғыдан түсіргенде барлық түсірілімдер мен бейнежазбалар мобильдік қолданбаның тиісті қалтасында сақталады.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Себебі	Шешімі
Квадрокоптерден жауап жоқ.	Аккумулятор зарядының деңгейі төмен.	Аккумуляторды зарядтаңыз.
	Басқару пультінің заряд деңгейі төмен болса, қуат индикаторы жылт-жылт ететін болады.	Басқару пультінің батареяларын ауыстырыңыз.
Квадрокоптер командаларға кідіріп жауап қайтарады.	Басқару пульті зарядының деңгейі төмен.	Батареяларды ауыстырыңыз.
	Басқару пульті жиілігіндегі кедергілер.	Сол жиілікте кедергілер болмайтындай орынды ауыстырыңыз.
Қалқу барысында квадрокоптер бір бағытта бүйірлей ұшады.	Квадрокоптер жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.	Квадрокоптерді калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.
Бас бағдарсыз режимінде квадрокоптер алға қарай жүрмейді.	Құрылғының кедергілермен соқтығысуы бағдар ақауының себебі болуы мүмкін.	Бағытты алға қайта баптаңыз. Еркін бағдарлау режимінің сипаттамасын қараңыз.
Биіктікті ұстап тұру ақауы.	Квадрокоптер жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.	Квадрокоптерді калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.
	Ауа райы жағдайларынан қысым деңгейінің тұрақсыз болуы.	Ауыр ауа райы жағдайларында ұшырмауға тырысыңыз.
	Қатты соқтығыс барысындағы гироскоптың ақауы.	Квадрокоптерді калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Квадрокоптер — ұшуға арналған қашықтан басқару пультімен басқарылатын пилотсыз ұшу аппараты.

Правила и условия монтажа, хранения, перевозки (транспортировки), реализации и утилизации

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында +5°C-тан +40°C-қа дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. • Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Сыма Модел Эйркрафт Индастриал Ко., Лтд.
Синье 2 батыс тасжолы, Лаймэй өндірістік паркі, Чэнхай ауд., Шаньтоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы,
155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2011 ЕАЭО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтығы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Android ОЖ-ға арналған
QR-код



iOS ОЖ-ға арналған
QR-код



Тауардың жасалған күні (аа.жжжж): _____

V.3

